

Хаттама №3

Ақтөбе облыстық арнайы мектеп-интернат-колледж кешені КММ

Қамқоршылық кеңес жиналысы

17.11.2023ж

Күн тәртібінде:

1. Мектептегі күрделі жөндеу жұмысының нәтижелерімен бөлісу
2. Жаңа жыл мерекесі қарсаңында балаларға арналған сыйлықтар мен мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру жұмыстарын талқылау
3. Қамқоршылық кеңестің алға қойған мақсаттары мен болашақта жасалатын жұмысты жоспарлауы

Қатысқандар:

1. Рыспаева Мадина Кахармановна – ата-ана, әскери зейнеткер
2. Телеушева Зинаида Николаевна – "Қазақстандық саңыраулар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің Ақтөбе облыстық филиалының бірінші басшысы.
3. Мангурова Гульшат Набиуллаевна – ата-ана
4. Бектурганов Амангельды Бисембаевич – білім беру саласындағы ардагерлер кеңесінің мүшесі.

4-і қатысты, 3-і дәлелді себептермен қатыспады

Тыңдалды:

1-ші мәселе бойынша Қамқоршылықты өз баяндамасында мектептің күрделі жөндеу жұмыстары сәтті аяқталғанын, балаларды мектепке қабылдауға дайын екендіктерін жеткізді. Оқушылардың мектепке келуіне қуанышты екендіктерін айтып, дәстүрлі форматта басталатын оқу жұмыстарына сәттілік тілеп, жылы лебіздерін білдірді.

2-ші мәселе бойынша қамқоршылық кеңестің мүшелері өз ұсыныстары мен ойларын ашық айтты. Жыл сайын оқушыларға жаңа жылдық сыйлықтар алуға «Халық Банк» қолдау көрсетеді. «Ақтөбе кен» ұжымы осы жылы балаларды тәтті сыйлықтармен қуантпақ ойларын айтты. Жаңа жыл қарсаңында әр оқушының мерекелік көңіл-күйді сезінуі тек сыйлықтармен шектелмей, сабақтан тыс уақытта оларды мәдениет орталықтарына, театрларға апару ұсынылды. Оларды тасымалдайтын транспорттың қажеттілігі мәселесі көтерілді.

Мектеп бойынша 12 баланың тізімі президенттік шырша шарасына қатысушы ретінде ұсынылып жіберді. Тізім аз қамтылған, көпбалалы отбасынан шыққан және оқуда үздік жетістіктермен көзге түскен оқушылардан іріктеп құралды.

3-ші мәселеде бойынша қамқоршылық кеңестің тізімі құрылғандығы және 3 жылға бекітілгендігі айтылды. Алдағы уақытта мектебімізге өз көмек қолын созатын инверсорларды іздеу, мектептің жабдықталуын қамтамасыз ету сұрақтары көтерілді. Мектептегі ірі жөндеу жұмысының алды осы болса, әрі қарай сәтті жалғасын табады деген үмітте қамқоршылық кеңес өз қорытындысын жасады.

Шешімі:

Мектеп оқушыларына жаңа жылдық мерекеге сыйлықтар беру үшін демеушілер, материалдық құралдар қарастыру.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: _____ М.Қ.Рыспаева

Хатшы: _____ Г.Шагатаева

